

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 156 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 157 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 6, 77-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 65-жолдың 2-бағанындағы "аралында" деген сөз алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 10-бөліммен толықтырылсын:

"10. Маңғыстау облысында туристік кластер құру және дамыту жөніндегі шаралар:

<p>10 . Маңғыстау облысында туристік кластер құру және дамыту жөніндегі шаралар</p>						
69.	Кендірлі курорттық демалыс аймағын құру және дамыту серпінді жобасын жыл сайын халықаралық таныстыру өткізу жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Маңғыстау облысының әкімі, ТСМ	Жыл сайын	Талап етілмейді	Талап етілмейді
	Маңғыстау облысы бойынша 14 бағытты қамтамасыз ету үшін 17 "сервистік нүкте" құру жөнінде ұсыныс енгізу: 1) киелі жерлерге барумен					

70.	<p>коса, Қаратау таулары; 2) Кендірлі курортына ба - румен коса, Қаратау таулары; 3) Қаракия ойпаты мен Үстірт мемлекеттік табиғи қорығына бару (қорғау аймағы); 4) Темір баба зираты, Кендірлі - Қаясан мемлекеттік табиғи қорық аймағы; 5) Шопан ата мен Бекет ата; 6) Ақтау Сити; 7) Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы (қорғау аймағы); 8) Қаясан қыраты; 9) Ақтау Сити бойынша тур; 10) Қаратау таулары; 11) Қаратаудың солтүстік таулары; 12) Каспий теңізі, Маңғыстау облысының батыс бөлігіндегі зираттар мен киелі жерлер; 13) Саура шатқалы; 14) Құлалы аралы</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Маңғыстау облысының әкімі, Т С М, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 - 2009 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді

71.	Маңғыстау облысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Маңғыстау облысының әкімі, ТСМ, АШМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 - 2009 жылдар	Талап етілмейді
-----	--	--	---	--------------------	-----------------

						етілмей-ді
72.	"Жасқала" туризм және демалыс халықаралық жастар орталығының инвестициялық жобасын іске асыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету	ТСМ-ге ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі	Жыл сайын	1500000,0	Жеке инвестициялар
73.	Менеджерлерді, туризм нұсқаушыларын, қонақ үй және мейрамхана бизнесі мамандарын даярлау жөніндегі оқу орталығын ұйымдастыру	ТСМ-ге ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі	2009 жыл	1300000,0	Жеке инвестициялар
74.	Қазақстан Республикасының аумағында алғашқы халықаралық сүңгуір мектебін құру жөніндегі жобаны іске асыруға жәрдемдесу	ТСМ-ге ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі	2008 - 2009 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді
75.	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және Кендірлі курорттық демалыс аймағында инженерлік, көліктік инфрақұрылым және туризм объектілерін салуды бастауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Маңғыстау облысының әкімі, ТСМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 - 2009 жылдар	Талап етілмейді	Талап етілмейді
	Жаңаөзен қаласынан 50 км					

76.	және Кендірлі демалыс аймағынан 20 км жерде орналасқан әуежай салу мен пайдалану концессия шарттарының негізінде жүзеге асырылатын объектілер тізбесіне енгізу туралы ұсыныс енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	Маңғыстау облысының әкімі, ККМ, ТСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жыл	Талап етілмейді	Талап етілмейді
77.	Туристік инфрақұрылым объектілерін салу үшін инвесторлар тарту жөнінде жұмыс жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Маңғыстау облысының әкімі, ТСМ	Жыл сайын	Талап етілмейді	Талап етілмейді

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК